
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚОРЛАУТУРАЛЫ ІСТЕР БОЙЫНША СОТ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕГІ ПРОБЛЕМАЛЫҚ СҰРАҚТАР



Абишева Нагима Асимхановна

Сот сарапшысы



Колпаков Андрей Леонидович

Алматы қалалық адвокаттар алқасының адвокаты

Мақалада Қазақстан Республикасындағы қорлау туралы істер бойынша сот-психологиялық-филологиялық сараптаманың проблемалары талданады. Сараптамалық тәжірибенің әдіснамалық, процесс-уалдық және институционалдық кемшіліктері қарастырылады, оның ішінде сарапшыға қойылатын сұрақтарды дұрыс қалыптастырмау, құқықтық және лингвистикалық категориялардың араласуы, сондай-ақ сот тәжірибесіндегі қайшылықтар қамтылады. «Әдепсіз форма» ұғымының өлшемдеріне, контексттің рөліне және сараптамалық зерттеудің шектеріне ерекше назар аударылады. Сот-сараптамалық қызметті жетілдіруге бағытталған нақты шаралар ұсынылады.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында сөйлеу (тілдік) айтылымдарды бағалауға байланысты істер санының тұрақты өсуі байқалады. Бұл үрдіс қоғамдық коммуникациялардың цифрлануымен, әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің белсенді қолданылуымен, сондай-ақ теріс пікірлерді жария түрде білдіру шегінің төмендеуімен байланысты.

Сот-психологиялық-филологиялық сараптама қорлау туралы істер бойынша нақты мән-жайларды анықтаудың негізгі құралдарының біріне айналды. Алайда оның рөлінің артуы сот шешімдерінің сапасына әсер ететін бірқатар жүйелік проблемалардың туындауына алып келді.

Тәжірибе көрсеткендей, бірқатар жағдайларда сарапшының қорытындысы іс жүзінде сот шешімін алмастырып жатады, ал соттар сарапшылардың тұжырымдарын сыни тұрғыдан бағаламай қабылдайды, бұл ретте әдіснамалық және процессуалдық қателіктерге жол беріледі. Бұл сараптамалар жүргізу тәсілдерін ғылыми тұрғыдан зерделеу және жетілдіру қажеттігін айғақтайды.

2025 жылғы сот-сараптамалық қызметтің статистикалық деректерін талдау сараптамаларды қолдану ауқымын және олардың сот тәжірибесіне әсерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді.

2025 ЖЫЛДЫҢ СОТ-САРАПТАМАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ СТАТИСТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРІ

РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША

Материалдардың жалпы саны - 165 610

Оның ішінде сараптамалар - 158 985

- Қылмыстық істер - 133 047
- Азаматтық істер - 8 191
- Әкімшілік істе - 17 747

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙНША

Материалдардың жалпы саны - 25 202

Оның ішінде сараптамалар - 23 879

- Қылмыстық істер - 18 873
- Азаматтық істер - 1 581
- Әкімшілік істе - 3 425

Ұсынылған деректер сот сараптамасының сот төрелігінің жаппай әрі жүйеқұраушы құралы екенін көрсетеді. Іс жүзінде жылына 150 мыңнан астам сараптама жүргізіледі, бұл соттар тарапынан сараптамалық қорытындылардың күнделікті қолданылатынын білдіреді.

Сараптамалар көлемін ескере отырып, сот сарапшы қорытындысын шартсыз дәлел ретінде қабылдауға құқылы емес, керісінше оны сыни тұрғыдан бағалауға, қолданылған әдіснаманы тексеруге және контекстті ескеруге міндетті.

Сот-психологиялық-филологиялық сараптама Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 131-бабы бойынша қаралатын қорлау туралы істерді қарауда негізгі дәлелдемелік құралдардың біріне айналды.

Ғылыми және әдістемелік материалдарда атап өтілгендей, қазіргі тәжірибе сөйлеу құқық-бұзушылықтары санының артуымен сипатталады, бұл медиакеңістіктің кеңеюі және пікірлерді жария түрде білдірудің қолжетімділігімен байланысты.

Осы жағдайларда сараптамалардың ғылыми негізділігі, әдіснаманың бірізділігі және сараптамалық қорытын-дыларды процессуалдық тұрғыдан дұрыс қолдану ерекше маңызға ие болады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, қорлау — бұл әдепсіз түрде білдірілген ар-намыс пен қадір-қасиетті кемсіту болып табылады. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы Ғылыми кеңесі 2025 жылғы 24 қарашада (№ 4 хаттама) мақұлдаған «Қорлау белгілері

белгілері бар тілдік нысандарға сот-сараптамалық зерттеу жүргізу әдістемесі» (шифр-18.2) (бұдан әрі – Әдістеме) сарапшының міндеті ретінде кемсітуге тән тілдік белгілердің бар-жоғын, сондай-ақ оның әдепсіз түрде білдірілуін анықтауды бекітеді.

Осылайша, сарапшы құқықтық саралаумен емес, лингвистикалық белгілермен жұмыс істейді, бұл өз кезегінде алғашқы іргелі мәселені — сот пен сарапшының құзыреттерін ажырату мәселесін туындатады.

СОТТЫҚ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМАНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:

Құқықтық және лингвистикалық санаттардың араласуы.

Іс жүзінде сарапшыларға жиі құқықтық бағалауды қамтитын сұрақтар қойылады, мысалы: «айтылған пікір қорлау болып табыла ма» немесе «ар-намыс пен қадір-қасиетке нұқсан келтіре ме». Мұндай сұрақтар сарапшының құзыретінен тыс, өйткені сарапшы тек тілдік белгілерді анықтайды, ал құқықтық саралауды сот береді. Бұл мәселе қорытындының жарамсыз деп танылуына, сот функцияларының алмастырылуына және процессуалдық тәуекелдердің туындауына әкеледі.

«Әдепсіз нысанды» айқындау мәселесі

Ең көп талқыланатын санаттардың бірі — әдепсіз түрде білдіру. «Әдепсіз нысан» ұғымы лингвистикалық емес болғандықтан, бұрын кеңейтілген тәсіл қолданылып, оған дөрекі, балағат немесе қарапайым сөйлеу тіліндегі сөздер жатқызылған.

Жаңа Әдістеме неғұрлым қатаң өлшемді бекітті, оған сәйкес әдепсіз нысан = сексуалдық және физиологиялық семантикамен байланысты обсценді (табу сипатындағы) лексика болып табылады. Бұл маңызды ғылыми және практикалық қорытындыға әкелді: кез келген қорлайтын пікір қылмыстық жауаптылыққа әкелетін қорлау болып табылмайды. Алайда мұндай тәсіл сөздіктерде «дөрекі», «балағат» деп белгіленген (мысалы, «гадина», «тварь», «мразь», «сволочь», «придурок», «дрянь» және т.б.) лексемалардың әлеуметтік желілерде және азаматтардың күнделікті өмірінде кеңінен қолданылуына алып келуі мүмкін. Бұл өз кезегінде аталған сөздерді қоғамдық-саяси өмірде, әлеуметтік желілерде және бұқаралық ақпарат құралдарында қолдануды іс жүзінде заңдастырғандай әсер қалдыруы ықтимал. Ал адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлау және кемсіту жағдайларының көбеюіне жол бермеудің маңыздылығын Қазақстан Республикасының Президенті Касым-Жомарт Кемелевич Токаев 2025 жылғы 14 наурызда өткен Ұлттық құрылтайдың IV отырысында атап өтіп, былай деген еді: «Мұндай қолайсыз әрекеттердің алдын алу бойынша ықтимал шараларды қарастыру қажет».

«Кемсіту» мен «қорлау» ұғымдарын ажырату

Маңызды мәселелердің бірі — кемсіту (кең санат) мен қорлау (құқықтық тұрғыдан тар санат) арасындағы айырмашылық.

Тәжірибеден көрініп тұрғандай, «дурак», «подлец», «тупой» сияқты сөздер кемсітуді білдіруі мүмкін, алайда олар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 131-бабының құрамын қалыптастырмайды. Бұл сот тәжірибесімен де расталады, онда міндетті белгі ретінде дәл әдепсіз нысанның болуы көрсетіледі.

Сарапшыға сұрақтарды тұжырымдау кезіндегі қателер

Тәжірибе көрсеткендей, мағыналық блоктарды қайталау немесе құқықтық санаттарды енгізумен байланысты типтік қателер жиі жіберіледі. Сонымен қатар, «беделіне нұқсан келтіре ме» немесе «құқық бұзушылық құрамы бар ма» сияқты дұрыс емес сұрақтар да қойылып жатады. Әдістеме сарапшыға сұрақтарды кемсіту белгілерінің бар-жоғы немесе әдепсіз нысанның болуы не болмауы туралы түрде қоюды тікелей ұсынады.

КОММУНИКАТИВТІК КОНТЕКСТ — ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ

Сот психологиялық-филологиялық сараптаманың іргелі мәселелерінің бірі — коммуникативтік контекстің жеткілікті дәрежеде ескерілмеуі. Бұл өз кезегінде айтылған пікірдің мағынасының бұрмалануына және соның салдарынан қате сараптамалық қорытындыларға әкеледі.

Лингвистикалық мағына тек қолданылған бірліктердің сөздіктегі мағынасымен ғана емес, сонымен бірге бірқатар факторлардың жиынтығымен қалыптасады. Олардың қатарына мыналар кіреді: қарым-қатынас жағдайы, қатысушылардың әлеуметтік рөлдері, алдыңғы дискурс, интонациялық және прагматикалық ерекшеліктер, сондай-ақ коммуникацияның формасы (ауызша/жазбаша, жария/жеке).

Бір сөз немесе тіркес контекстке байланысты әртүрлі мағынаға ие болуы мүмкін. Мысалы, «сен данышпансың» деген тіркес шынайы мақтау, ирония немесе сарказм ретінде түсіндірілуі мүмкін. Контекст анықталмайынша, сарапшы айтылымның коммуникативтік мақсатын сенімді түрде айқындай алмайды.

Цифрлық ортадағы (WhatsApp, Telegram сияқты) мессенджерлер, әлеуметтік желілер, пікірлер мен форумдарда айтылымдарды талдау ерекше күрделілік тудырады. Мұндай мәтіндерге бейвербалды сигналдардың болмауы, жоғары эмоционалдылық, эмодзилер мен мемдерді қолдану, қысқартулар және диалогтардың үзік-үзік сипаты тән. Бұл сарапшыдан коммуникативтік жағдайды қайта құруды, жеке фрагментті емес, бүкіл хат алмасуды талдауды талап етеді. Мұндай мәтіндерді талдау психологиялық білімдерді қолдануды да қажет етеді.

Тәжірибеде жиі кездесетін жағдай — сарапшы айтылымды оқшау түрде талдайды, алдыңғы қақтығысты ескермейді және жауап репликаларын назардан тыс қалдырады. Соның нәтижесінде мағына бұрмаланады, кемсіту бар деген қате қорытындылар жасалады, ал бейтарап немесе ирониялық тіркестер қорлау ретінде танылуы мүмкін.

Контекст сараптамалық зерттеудің факультативті емес, міндетті элементі ретінде қарастырылуы тиіс.

Қазақстан Республикасындағы сот практикасы соңғы жылдары тұрақты ұстанымдарды қалыптастыруда. Соттар құқық бұзушылық құрамының барлық белгілерінің, атап айтқанда, адресаттылықтың, кемсітудің және әдепсіз нысанның болуын талап етеді. Әдеби тұрғыдан балағат болып саналатын сөздер әрдайым қылмыстық құқық бұзушылық құрамын құрай бермейді. Субъективті бағалаудан гөрі лингвистикалық талдауға басымдық беріледі. Бұрынғы кезеңдерде қалыптасқан тәсілдердің бірізді еместігі қарама-қайшы сот үкімдеріне, азаматтардың шағымдарына және сот жүйесіне сын пікірлердің туындауына алып келген болатын.

САРАПТАМАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

Анықталған мәселелерді ескере отырып, бірқатар шаралар кешенін енгізу қажет деп саналады.

1) Соттарға сарапшыға құқықтық сипаттағы сұрақтарды қоюды алып тастау, контекстті талдауды талап ету және қорытындыны өзге дәлелдемелермен жиынтықта бағалау ұсынылады; күмән туындаған жағдайда қайталама сараптама тағайындау қажет.

2) Адвокаттарға сұрақтарды қатаң түрде лингвистикалық шеңберде тұжырымдау, сарапшының құзыретінен шығуын көрсету, сараптаманың әдіснамасын талдау және баламалы зерттеулерді бастамашылық ету ұсынылады.

3) Сарапшыларға нақты фактілік талдау мен құқықтық бағалауды қатаң ажырату, контекстті, коммуникативтік мақсатты және адресаттылықты ескеру, сондай-ақ құқықтық сипаттағы түпкілікті (категориялық) қорытындылардан аулақ болу міндеті жүктеледі.

4) Соттар мен тергеу органдары үшін әдістемелік ұсынымдар әзірлеу және сот лингвистикасы саласындағы ғылыми зерттеулерді дамыту қажет.

Сот сараптамасын одан әрі дамыту көпсалалы тәсілді енгізуге, сараптамалық әдістемелерді цифрландыруға, зерттеулердің ашықтығын арттыруға және лингвистика мен құқық саласындағы ғылыми жетістіктерді біріктіруге бағытталуы тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 26 қарашадағы № 16 нормативтік қаулысы.

2. «Методика экспертного исследования по делам о возбуждении социальной, национальной, родовой, расовой, сословной или религиозной розни». ҚР ӘМ ССО, 2019/Дәулеткелдіқызы Д., Карымсакова Р.Д., Мусина Д.Р., Подопригора Р.А., Сванкулов А.Е.

3. Методика проведения судебно-экспертного исследования объектов, содержащих языковые признаки оскорбления. ҚР ӘМ ССО - Астана, 2025.

4. Методика исследования поликодовых текстов. – Астана, 2019 /Сванкулов А.Э., Абишева Н.А., Есилбаева К.Н.

5. «Высказывание любого выражения, содержащее лишь отдельные признаки оскорбления чести и достоинства личности не может являться основанием для привлечения к уголовной ответственности»/ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Бюллетені № 2уп-285-20, 2021 жылғы 14 қа

PROBLEMATIC ISSUES IN FORENSIC LINGUISTIC EXAMINATIONS IN INSULT CASES IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Authors:

Nagima Asimkhanovna AbishevaForensic Expert

Andrey Leonidovich KolpakovAttorney, Almaty City Bar Association

This article analyzes the problems associated with forensic psychological and linguistic examinations in insult cases in the Republic of Kazakhstan. It examines methodological, procedural, and institutional shortcomings in expert practice, including errors in the formulation of questions posed to experts, the conflation of legal and linguistic categories, and inconsistencies in judicial practice. Particular attention is given to the criteria of “indecent form,” the role of context, and the limits of expert examination. The authors propose specific measures aimed at improving forensic expert activities.

ПРОБЛЕМНЫЕ ВОПРОСЫ ПРИ ПРОВЕДЕНИИ СУДЕБНОЙ ПСИХОЛОГО-ФИЛОЛОГИЧЕСКОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ ПО ДЕЛАМ ОБ ОСКОРБЛЕНИИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Авторы:

Абишева
Нагима Асимхановна
Судебный эксперт

Колпаков
Андрей Леонидович
Адвокат Алматинской городской коллегии адвокатов

В статье проводится анализ проблем судебной психолого-филологической экспертизы по делам об оскорблении в Республике Казахстан. Рассматриваются методологические, процессуальные и институциональные недостатки экспертной практики, включая ошибки в формулировке вопросов эксперту, смешение правовых и лингвистических категорий, а также противоречия судебной практики. Особое внимание уделяется критериям «неприличной формы», роли контекста и пределам экспертного исследования. Предлагаются конкретные меры по совершенствованию судебно-экспертной деятельности.

В последние годы в Республике Казахстан наблюдается устойчивый рост количества дел, связанных с оценкой речевых высказываний. Данная тенденция обусловлена цифровизацией общественных коммуникаций, активным использованием социальных сетей и мессенджеров, а также снижением порога публичного выражения негативных оценок.

Судебная психолого-филологическая экспертиза стала ключевым инструментом установления фактических обстоятельств по делам об оскорблении. Однако её возрастающая роль привела к ряду системных проблем, влияющих на качество судебных решений.

Практика показывает, что в ряде случаев заключение эксперта фактически подменяет судебное решение, суды без критической оценки принимают выводы экспертов, допускаются методологические и процессуальные ошибки. Это свидетельствует о необходимости научного осмысления и совершенствования подходов к проведению экспертиз.

Анализ статистических данных судебно-экспертной деятельности за 2025 год позволяет объективно оценить масштаб использования экспертиз и их влияние на судебную практику.

Согласно официальным данным, в 2025 году по Республике всего поступило материалов на экспертизу — 165 610, выполнено экспертиз — 158 985. Из них:

-по уголовным делам — 133 047

-по гражданским делам — 8 191

-по административным делам — 17 747.



Приведённые данные свидетельствуют о том, что экспертиза является массовым и системообразующим инструментом правосудия. Фактически более 150 тыс. экспертиз в год, что означает ежедневное использование экспертных заключений судами. Институт судебных экспертиз по г. Алматы демонстрирует одни из наиболее высоких показателей, поступило материалов — 25 202, выполнено экспертиз — 23 879.

Из них:

-уголовные — 18 873

-гражданские — 1 581

-административные — 3 425.

Алматы является ключевым центром экспертной нагрузки в стране. Это означает, формирование практики происходит именно в Алматы, высокую концентрацию споров, включая дела об оскорблении и повышенное значение качества экспертиз.

С учётом объёма экспертиз суд не вправе воспринимать экспертное заключение как безусловное доказательство, а обязан его критически оценивать, проверять методологию и учитывать контекст.

Судебная психолого-филологическая экспертиза стала ключевым доказательственным инструментом при рассмотрении дел об оскорблении, предусмотренных статьёй 131 УК РК.

Как отмечается в научных и методических материалах, современная практика характеризуется ростом числа речевых правонарушений, что обусловлено расширением медиапространства и доступностью публичного выражения мнений.

В этих условиях особую значимость приобретает научная обоснованность экспертиз, единообразие методологии и корректность процессуального использования экспертных заключений.

Согласно законодательству Республики Казахстан, оскорбление определяется как унижение чести и достоинства, выраженное в неприличной форме. Методика проведения судебно-экспертного исследования объектов, содержащих языковые признаки оскорбления (шифр-18.2), одобренная Ученым Советом ЦСЭ МЮ РК 24.11.2025 г., протокол № 4 (далее – Методика), закрепляет, что задачей эксперта является установление наличия языковых признаков унижения, наличия неприличной формы выражения.

Таким образом, эксперт работает не с правовой квалификацией, а с лингвистическими признаками, что уже порождает первую фундаментальную проблему — разграничение компетенции суда и эксперта.

КЛЮЧЕВЫЕ ПРОБЛЕМЫ СУДЕБНОЙ ЛИНГВИСТИЧЕСКОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ

Смешение правовых и лингвистических категорий.

На практике экспертам часто ставятся вопросы, содержащие правовую оценку, например, «является ли высказывание оскорблением» или «порочит ли честь и достоинство». Такие вопросы выходят за пределы компетенции эксперта, поскольку эксперт устанавливает языковые признаки, а суд даёт правовую квалификацию. Данная проблема приводит к недопустимости заключения, подмене функций суда и процессуальным рискам.

Проблема определения «неприличной формы»

Одна из наиболее дискуссионных категорий — неприличная форма выражения. В связи с тем, что «неприличная форма» понятие не лингвистическое ранее применялся расширительный подход, при котором к неприличной форме относились грубые, бранные или разговорные слова.

Новая Методика закрепила более строгий критерий, согласно которого неприличная форма = обсценная (табуированная) лексика, связанная с сексуальной и физиологической семантикой. Это привело к важному научному и практическому выводу, что не каждое оскорбительное высказывание является уголовно наказуемым оскорблением. Однако, такой подход может привести к широкому использованию лексем, имеющих в словарях пометы «грубое», «бранное» (например, гадина, тварь, мразь, сволочь, придурок, дрянь и т.д.) в социальных сетях и повседневной жизни граждан, что по сути приведет к легализации использования данных лексем в повседневной общественно-политической жизни, социальных сетях и масс-медиа. Тогда как важность недопущения увеличения случаев оскорбления и унижения достоинства людей была отмечена Президентом Республики Казахстан Касым-Жомарт Кемелевичем Токаевым во время IV заседания Национального курултая 14 марта 2025 года, который сказал: «Необходимо рассматривать возможные меры пресечения таких неприемлемых действий».

Разграничение «унижения» и «оскорбления»

Серьёзной проблемой является различие между унижением (широкая категория) и оскорблением (юридически узкая категория).

Как следует из практики слова «дурак», «подлец», «тупой» могут выражать унижение, но не образуют состав ст. 131 УК РК. Это подтверждается судебной практикой, где указывается, что обязательным признаком является именно неприличная форма.

Ошибки при формулировке вопросов эксперту

Практика показывает, что допускаются типичные ошибки, связанные с дублированием смысловых блоков или включением правовых категорий. Кроме того, бывает и такое, что ставят следующие некорректные вопросы - «порочит ли репутацию» или «имеется ли состав правонарушения». Методика прямо рекомендует задавать вопросы в форме о наличии либо отсутствии признаков унижения или наличия неприличной формы.

КОММУНИКАТИВНЫЙ КОНТЕКСТ КАК КЛЮЧЕВОЙ ФАКТОР ЛИНГВИСТИЧЕСКОГО АНАЛИЗА

Одной из фундаментальных проблем судебной психолого-филологической экспертизы является недооценка коммуникативного контекста, что приводит к искажению смысла высказывания и, как следствие, к ошибочным экспертным выводам.

Лингвистическое значение высказывания формируется не только словарным значением используемых единиц, но и совокупностью факторов, включающих следующее: ситуацию общения, социальные роли участников, предшествующий дискурс, интонационные и прагматические особенности и форму коммуникации (устная/письменная, публичная/частная).

Одно и то же слово или выражение может иметь различные значения в зависимости от контекста. Пример: фраза «ты гений» может интерпретироваться как, искренняя похвала, ирония, сарказм. Без установления контекста эксперт не способен достоверно определить коммуникативную цель высказывания.

Особую сложность представляет анализ высказываний в цифровой среде, мессенджеры (WhatsApp, Telegram), социальные сети, комментарии и форумы. Характерными особенностями высказываний является отсутствие невербальных сигналов, высокая степень эмоциональности, использование эмодзи, мемов, сокращений и фрагментарность диалогов. Это требует от эксперта реконструкции коммуникативной ситуации, анализа всей переписки, а не отдельного

фрагмента. Такие тексты также требует и использования психологических знаний.

На практике часто встречаются случаи, когда эксперт анализирует высказывание изолированно, не учитывает предшествующий конфликт, игнорирует ответные реплики. В результате чего наступают, следующие последствия, такие как искажение смысла, ложные выводы о наличии унижения, признание нейтральных или иронических выражений оскорбительными.

Контекст должен рассматриваться как обязательный элемент экспертного исследования, а не факультативный фактор.

Судебная практика в РК в последние годы формирует устойчивые подходы. Суды требуют наличие всех признаков состава, как-то адресность, унижение, неприличная форма. Литературные оскорбительные слова не всегда образуют состав преступления. Приоритет отдаётся лингвистическому анализу, а не субъективной оценке. Именно неоднозначность подходов ранее приводила к противоречивым приговорам, жалобам граждан и критике судебной системы.

ПРЕДЛОЖЕНИЯ ПО СОВЕРШЕНСТВОВАНИЮ ЭКСПЕРТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

С учётом выявленных проблем представляется необходимым внедрение комплекса мер.

1) Судам следует исключить постановку правовых вопросов эксперту, требовать анализа контекста и оценивать заключение в совокупности с другими доказательствами, при наличии сомнений назначать повторную экспертизу.

2) Адвокатам необходимо формулировать вопросы строго в пределах лингвистики, указывать на выход эксперта за пределы компетенции, анализировать методологию экспертизы и инициировать альтернативные исследования.

3) Экспертам надлежит строго разграничивать фактический анализ, правовую оценку. Учитывать контекст, коммуникативную цель, адресность и избегать категоричных выводов правового характера.

4) Необходимо создать методические рекомендации для судов и следственных органов и развивать научные исследования в области судебной лингвистики.

Дальнейшее развитие судебной экспертизы должно быть направлено на междисциплинарный подход, цифровизацию экспертных методик, повышение прозрачности исследований и интеграцию научных достижений лингвистики и права.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 26 ноября 2004 г. № 16.

2. Методика экспертного исследования по делам о возбуждении социальной, национальной, родовой, расовой, сословной или религиозной розни». ЦСЭ МЮ РК, 2019/Дәулеткелдіқызы Д., Карымсакова Р.Д., Мусина Д.Р., Подопригора Р.А., Сванкулов А.Е.

3. Методика проведения судебно-экспертного исследования объектов, содержащих языковые признаки оскорбления. ЦСЭ МЮ РК - Астана, 2025.

4. Методика исследования поликодовых текстов. – Астана, 2019 /Сванкулов А.Э., Абишева Н.А., Есилбаева К.Н.

5. «Высказывание любого выражения, содержащее лишь отдельные признаки оскорбления чести и достоинства личности не может являться основанием для привлечения к уголовной ответственности»/ Бюллетень Верховного Суда РК № 2уп-285-20 14 января 2021 г. 8. Верховный суд Республики Казахстан. Судебный кабинет. Банк судебных актов.